

Кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу қағидаларын, кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімнің үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 27 мамырдағы № 291 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 192 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28303 болып тіркелді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 61-бабы 6-2) тармақшасына, 62-бабы 11-2) тармақшасына және 63-бабы 7-2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу қағидалары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімнің үлгілік нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ресми интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының индустрия және инфрақұрылымдық даму және энергетика вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі
және Энергетика министрі
министрінің міндетін атқарушы _____ Б. Акчулаков
_____ М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2022 жылғы 30 мамырдағы
№ 192 мен
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін
атқарушының
2022 жылғы 27 мамырдағы
№ 291 Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 61-бабы 6-2) тармақшасына, 62-бабы 11-2) тармақшасына және 63-бабы 7-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеу тәртібін анықтайды.

2. Көмірсутектер, уран өндіру және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органдар (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жер қойнауын пайдаланушылармен ерікті негізде жасасатын және жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған келісімдер кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) деп түсініледі.

2-тарау. Кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімді жасасу, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оны бұзу тәртібі

3. Уәкілетті орган тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін көрсете отырып, Келісім жобасын дайындайды және жер қойнауын пайдаланушыға және "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына қол қоюға жібереді.

Тараптардың бірі Келісім жобасының ережелерімен келіспеген кезде реттелмеген мәселелер тараптардың келіссөздер процесі арқылы шешіледі.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесі тараптар келіссөздерінің қорытындылары бойынша өзгереді.

4. Уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушымен "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 47-бабы 3-тармағына сәйкес өңдеу өнеркәсібі тауарларының тізбесін (пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар (лицензиялар) бойынша) келіседі.

5. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Келісімге тараптардың келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімге қол қоюы арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

6. Келісім мынадай негіздер бойынша:

1) уәкілетті органның немесе "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасы бойынша жер қойнауын пайдаланушының Келісім шарттарын сақтамауы себебінен және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген мерзімде салыстырып тексеру рәсімін жүргізу үшін құжаттарды ұсынбаған кезде бұзылады.

Келісімнің қолданылу мерзімі уәкілетті орган "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жүргізген Келісімнің орындалу мониторингінің қорытындылары бойынша хабарлама жіберілген сәттен бастап тоқтатылады;

2) жер қойнауын пайдаланушының бастамасы бойынша уәкілетті органға және "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жазбаша нысанда тиісті хабарлама жіберу арқылы бұзылады. Хабарламаның келіп түскен күні Келісімнің қолданысын тоқтату күні болып есептеледі;

3) жер қойнауын пайдалану құқығын өзге тұлғаға беру кезінде;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (лицензияның) қолданылуы тоқтатылған кезде бұзылады.

3-тарау. Кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімнің орындалуын мониторингтеу

7. Келісім шарттарының орындалуына мониторингтеу Кодекстің 215-бабының 2-тармағына, 132-бабының 3) және 4) тармақшаларына және 180-бабының 6) және 10) тармақшаларына сәйкес, сондай-ақ Заңның 46-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы ұсынған сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, кадрлар туралы есептерді талдау арқылы жүргізіледі.

8. Уәкілетті орган "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп елішілік құндылықтың қол жеткізілген көрсеткіштерінің орындалуын растайтын құжаттармен:

1) тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алуды растайтын актімен, жүкқұжатымен, шот-фактурамен;

2) қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінің көшірмесімен/"СТ KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатпен;

3) тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы елішілік құндылық туралы мәліметтерді растайтын жер қойнауын пайдаланушы мердігерінің хатымен;

4) жер қойнауын пайдаланушымен келісілген құжаттармен.

"СТ-KZ" нысанындағы шыққан ел сертификаты 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін жарамды болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы құжаттардың электронды көшірмелерін уәкілетті органның сұрау салуы жіберілген сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 13.10.2025 № 430, ҚР Энергетика министрінің 07.10.2025 № 376-н/қ және ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының 06.10.2025 № 56 - Н/Қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес елішілік құндылықтың есептеуін жүргізеді.

10. Келісімнің орындалуына жүргізілген мониторинг қорытындылары есепті жылдан кейінгі жылдың жиырма бесінші қазанынан кешіктірмей "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және уәкілетті органның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша

Нысан

Кәсіпкерлігін ынталандыру туралы келісімнің үлгілік нысаны

_____ қаласы 20____ жылғы "____" _____
_____ (көмірсутектер, уран өндіру және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган) (бұдан әрі – уәкілетті орган) (бұдан әрі – 1- тарап), "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – 2-тарап) және Жер қойнауын пайдалану туралы _____ жылғы "____" _____ №____ келісімшарт (лицензия) жасасқан _____ (бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушы) (бұдан әрі – 3-тарап), бұдан әрі бірлесіп тараптар деп аталып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес төмендегілер туралы Кәсіпкерлікті ынталандыру туралы осы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

Осы Келісім жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (лицензияның) ажырамас бөлігі болып табылмайды.

1. Осы Келісімнің мәні

1. Осы Келісімнің мәні

1. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы ерікті негізде жыл сайын осы Келісімде көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензиялар) бойынша елішілік құндылықтың мынадай көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етеді:

р/с №	тауарлар бойынша (%)	жұмыстар бойынша (%)	көрсетілген қызметтер бойынша (%)	кадрлар бойынша (%)
1				(1-ші санат) - (2-ші санат) - (3-ші санат) - (4-ші санат) -

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы мердігерлік жұмыстармен айналысатын персоналды қоса алғанда, тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын ерікті негізде қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының жер қойнауынан, оның аумағынан немесе оның аумақтық теңіздерінде (елдің басқа суларында) немесе оның түбінен, немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы атмосфералық ауадан өндірілген табиғи қорлар (пайдалы қазбалар және минералды өнімдер, су жер қорлары, атмосфералық ауа қорлары), Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген энергияның электр, жылу және өзге де түрлері тауарлардың толығымен Қазақстан Республикасында өндірілгенін көрсетеді және тауарда елішілік құндылықтың ең төменгі көрсеткіште жанармай және отын есепке алынбайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 13.10.2025 № 430, ҚР Энергетика министрінің 07.10.2025 № 376-н/қ және ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының 06.10.2025 № 56 - Н/Қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттар жасасады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Жер қойнауын пайдаланушы осы Келісімге түзетулер енгізуге бастамашылық етуге құқылы.

4. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) немесе "Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 374 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17063 болып тіркелген) көзделген нысандар және мерзімдер бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер және олардағы елішілік құндылықтың үлесі туралы есептілікті ұсынуға;

2) пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар (лицензиялар) бойынша "Өнеркәсіптік саясат туралы" ҚР Заңының 46, 47, 48, 48-1 және 49-баптарына сәйкес өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттарды:

өндірісті жеткізуші ұйымдастыратын және бұрын болмаған өңдеуші өнеркәсіп тауарларын, оның ішінде жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер шеңберінде сатып алынатын тауарларды ұзақ мерзімді кепілдендірілген сатып алуды көздейтін офтэйк-келісімшарттар;

- өңдеуші өнеркәсіп тауарларын, оның ішінде жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер шеңберінде сатып алынатын тауарларды сатып алудан басқа, шарт сомасының бір бөлігін Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялау бойынша елеулі талаптарды көздейтін келісімшарттық сатып алу шарттарын жасасуға;

- қолда бар өндірістік қуаттарда өндірілген тауарларды ұзақ мерзімді кепілдендірілген көлемде сатып алуды көздейтін кепілдендірілген сатып алу шарттары;

3) осы Келісімде көзделген өзіне қабылдаған міндеттемелерді адал орындауға;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес елішілік құндылықты есептеуді жүргізуге;

5) уәкілетті органға, оның ішінде осы Келісімнің жасалуына, қолданылуына және орындалуына қатысты жазбаша сұрау салу бойынша мәліметтер ұсынуға міндеттенеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 13.10.2025 № 430, ҚР Энергетика министрінің 07.10.2025 № 376-н/қ және ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының 06.10.2025 № 56 - Н/Қ (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

5. Уәкілетті орган және "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы:

1) жер қойнауын пайдаланушыдан осы Келісімді жасасуға, қолданылуына және орындалуына қатысты қажетті мәліметтерді сұратуға;

2) осы Келісімге түзетулерге бастамашылық етуге құқылы.

6. Уәкілетті орган "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірігіп Келісімнің орындалуына мониторинг жүргізуге міндеттенеді.

7. Осы Келісімнің 1-тармағында көзделген шарттарды орындамағаны үшін жер қойнауын пайдаланушы қолданыстағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа (лицензияға) сәйкес жауапты болады.

3. Құпиялылық

8. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзге ережелер көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісім шеңберінде алынған кез келген ақпаратты жарияламауға міндеттенеді.

4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

9. Шарт бойынша кез келген міндеттемелерді орындамау немесе тиісті дәрежеде орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаса, Тараптарға оларды орындамау салдарлары қолданылмайды.

10. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу, апаттар (өрт) пандемия, эпидемия (оның бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде) және міндеттемелерді тиісті дәрежеде орындауға кедергі келтіретін немесе орындатпайтын төтенше жағдайлар жатады.

11. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, олардан зардап шеккен Тарап бұл туралы екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күні мен жағдайларын нақтылайтын жазбаша хабарлама беру немесе поштамен жіберу арқылы дереу хабарлайды.

5. Осы Келісімнің әрекет ету мерзімі

12. Осы Келісім _____ жылғы "___" _____ бастап күшіне енеді және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (лицензияның) мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

13. Осы келісімнің әрекеті тараптардың бірінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. Қорытынды ережелер

14. Тараптар хат-хабарларды жіберу бойынша шығындарды өздігінен көтереді. Электрондық құжаттар айналымы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын сақтаған кезде тараптар электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, құжат айналымын жүзеге асыра алады.

15. Осы Келісімді жасасқан кезде Тараптар өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының кәсіпкерлігін ынталандыру туралы үлгілік келісімнің осы нысанына нақтылаушы сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

16. Осы Келісімге кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдер жасау және оған қол қою арқылы жүргізіледі.

17. Келісімде көрсетілген ақпарат өзгерген кезде тиісті тарап екінші тарапқа осындай өзгерістер туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

18. Талаптар ссы Келісіммен реттелмеген кезде тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

19. Осы Келісімді түсіндіруде және қолдануда келіспеушіліктер туындаған кезде Тараптар оларды келіссөздер арқылы шешуі тиіс.

20. Осы Келісімді орындау кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

Даулард тараптардың келіссөздері арқылы шешілмеген кезде келіспеушіліктерді сотқа дейін реттеудің заңнамада көзделген рәсімін іске асырғаннан кейін тараптардың бірі оларды сот органдарының қарауына береді.

21. Осы Келісім әр тарап үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар екі данада жасалды. Осы Келісімнің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкессіздіктер туындаған кезде Келісімнің мемлекеттік тілдегі нұсқасы басымдық мәнге ие болады.

22. Осы Келісімге барлық қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

Уәкілетті орган: _____ Жер қойнауын пайдаланушы: _____ "
Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық
кәсіпкерлер палатасы: